

ЖШС «Орал Байтерек»

Бекітемін:
б/б меңгерушісі:
Ш. Бектибаева



**«Балдырған» кіші тобының
2019-2020 оқу жылына арналған
перспективалық жоспары**

Тәрбиеші: Н.Амангелді

2019-2020

**«Балдырған» кіші тобының (2жастан бастап) 2019-2020 оқу жылына
арналған ұйымдастырылған оқу қызмет кестесі**

Білім беру салалары/ Ұйымдастырылған оқу қызметі	Дүйсенбі	сейсенбі	сәрсенбі	бейсенбі	жұма
Денсаулық-3	Дене шынықтыру (1)		Дене шынықтыру (1)	Дене шынықтыру (1)	
«Қатынас» -1		Сөйлеуді дамыту (0,5) <i>I-III аптада</i> Көркем әдебиет (0,5) <i>II-IV-аптада</i>			
«Таным» -2			Жаратылыс тану (1)	Сенсорика(0,5) <i>I-III аптада</i> Құрастыру (0,5) <i>II-IV-аптада</i>	
«Шығармашылық»-3	Сурет (1)	Музыка (1)			Музыка (0,5) <i>I-III аптада</i> Аппликация (0,25) <i>II- аптада</i> Мүсіндеу (0,25) <i>IV- аптада</i>
«Әлеуметтік орта»-0					
Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі-9сағат Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы- 10-15 минут					

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

2019жыл қыркүйек айы

Өтпелі тақырып «Балабақша»

Мақсаты: кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту негізінде танымдық ой-өрістерін, адамгершілік, эстетикалық дамуын, денсаулығын нығайту, білім, білік, дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

- әдептілік ережелерімен таныстыру, ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
- қоршаған орта туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.
- Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;
- музыкалық ырғақты қимылдарға қызығушылықтарын қалыптастыру;

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Қатынас-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25; Музыка – 1,5
Менің балабақшам 2-6 қыркүйек 1-апта	Дене шынықтыру 1.Мақсаты: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. шеңберге тұрарда себеттен екі жалауша алу. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. 2. Мақсаты: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. шеңберге тұрарда себеттен екі жалауша алу. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. 3. Мақсаты: Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз орындарына тұру	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Біздің топ» Мақсаты: балаларды балабақшаның топ бөлмелерімен таныстыру.	Сенсорика Тақырыбы: «Балабақшаға баратын жол» Мақсаты: балаларға жолды жасау үшін, берілген 4 түстен: қызыл, көк түсті табуға үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Топтағы гүлдер» Мақсаты: Балаларға гүлдер туралы түсінік беру.	Сурет салу Тақырыбы: «Балабақшадағы әдемі бояулар» Мақсаты: қағазбен, қарындашпен таныстыру. Көлденең, тігінен сызықтар сызуды үйрету. Дидактикалық ойын: «Көңілді сызықтар» Музык Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша

Менің достарым 2-апта 9-13 қыркүйек	Дене шынықтыру 1. Мақсаты:Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз орындарына тұру 2. Мақсаты: Қолға сылдырмақ ұстап гимнастикалық орындық үстімен жүруді үйрету. 3. Мақсаты: Қолға сылдырмақ ұстап гимнастикалық орындық үстімен жүруді үйрету.	Көркем әдебиет Тақырыбы: Тазалық-таза баланың досы. Мақсаты: Тазалық бұйымдарымен таныстыру; сүлгі,сабын сөздерін қатыстырып, 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыра білуге үйрету, балаларды таза жүруге үйрету, балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа баулу.	Құрастыру Тақырыбы: Досымның үйі Мақсаты: Балалардың құрлыс материалдарымен жұмыс жасау дағдыларын дамыту. Үйдің орналасу тәртібі бойынша дұрыс жұмыс жасай білуге және үйдің құрысын атап айтуға үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің қанатты достарым» Мақсаты: балаларды балабақша ауласындағы құстармен таныстыру. (торғай, қарға, шымшық, көгершін) Дидактикалық ойын: «Торғайға жем береміз»	Сурет салу Тақырыбы: Досыма доп сыйлаймын. Мақсаты: Балаларға доп туралы түсінік бере отырып,дайын дөңгелек пішінді дұрыс бояуға үйрету Музыка Педагог жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы:«Досыма арналған моншақ » Мақсаты:Алақанға салып тік және дөңгелек етіп есуді, моншақтың мүсінін жасауды үйрету
Менің сүйікті ойыншықта рым 3-апта 16-20 қыркүйек	Дене шынықтыру 1.Мақсаты: Жіптен ұстап шеңбер бойымен жүру.Екі сызықтың арасынан жүру.Тепе-теңдікті сақтауға дағдыландыру. Дене түзілісінің дұрыс қалыптасуын қадағалау.Аяқ бұлшықеттерін дамыту 2.Мақсаты: Жіптен ұстап шеңбер бойымен жүру.Екі сызықтың арасынан жүру.Тепе-теңдікті сақтауға дағдыландыру. Дене түзілісінің дұрыс қалыптасуын қадағалау.Аяқ бұлшықеттерін дамыту Мақсаты: Мақсаты:Шеңбер бойымен жүру. Төңкеріліп қойылған жәшікке (биіктігі 10 см) көтеріліп, ересектердің көмегімен одан түсу	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Ойыншықтар достығы. Мақсаты:Ойыншықтар және олардың достығы туралы қысқа әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. Достықты қадірлей білуге тәрбиелеу.	Сенсорика Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншығым Мақсаты: Балаларға геометриялық пішіндер туралы түсінік бере отырып,, оларды әртүрлі құрастыру жасауға жетілдіру. Түстерді үйлестіре білуге, пішіндердің өзіндік қасиеттерін сақтауға үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің ойыншықтарым» Мақсаты: -Балаларға ойыншықтар туралы түсіндіру. -Ойыншықтардың аттарын атап, оларды бір - бірінен түсіне, көлеміне қарай ажырата білуге үйрету. -Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы:Досыма сыйлық Мақсаты:Дөңгелек пішінді заттардың суретін салуды үйрету. Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша

Жиһаздар 4-апта 23-27 қыркүйек	Дене шынықтыру Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. Төңкеріліп қойылған жәшікке (биіктігі 10 см) көтеріліп, ересектердің көмегімен одан түсу 2. Мақсаты: Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра білуін қадағалау. Жалпы даму жаттығуларын және негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларын дұрыс жасай білуге үйрету. 3. Мақсаты: Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра білуін қадағалау. Жалпы даму жаттығуларын және негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларын дұрыс жасай білуге үйрету.	Көркем әдебиет Тақырыбы: Үй жиһаздары. Мақсаты: Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету.	Құрастыру Тақырыбы: Қуыршаққа арналған кроват. Мақсаты: Құрылыс материалдарын пайдалана отырып, ойыншықтың көлеміне сай кроват жасауды көрсету арқылы түсіндіру. Кроваттың бөліктерін дұрыс орналастыру және оларды ажыратып атай білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: Жиһаздар Мақсаты: Жиһаздар туралы алған білімдерін толықтыру. Дидактикалық ойын ойнату арқылы зейіндерін, логикалық ойларын дамыту. Тұрмыстық заттарды ұқыпты ұстауға баулу.	Сурет салу Тақырыбы: Теледидар Мақсаты: Балаларға теледидар туралы түсінік беру. Пішіні мен бөліктерін дұрыс орналастыра отырып, мүсіндеу. Музыка Педагог жоспары бойынша Жапсыру Тақырыбы: Үстел Мақсаты: Балаларға үстел туралы түсіндіру. Оның бөліктерін дұрыс жапсыра білуге үйрету.

Қазан айы
Өтпелі тақырып: «МЕНІҢ ОТБАСЫМ»

Мақсаты: балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды жақсы көруге, көмек беруге үйрету. Туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту: ана-әке, аға-апа, ата-әже.

Міндеттері:

- отбасы туралы алған білімдерін кеңейту, сөздік қорларын, танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастыру;
- денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, балалардың дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін жетілдіру;
- отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25; Музыка – 1,5
«Менің отбасым Ата-аналар еңбегі» 1-апта 30 қыркүйек -04 қазан	Дене шынықтыру Мақсаты: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. шеңберге тұрарда себеттен екі жалауша алу. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Мақсаты: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. Шеңберге тұрарда себеттен екі жалауша алу. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Мақсаты: Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай жүруге ауыса отырып, өз орындарына тұру. Допты тура лақтыра білуге үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: Отбасы туралы түсінік беру және отбасы мүшелері туралы ойын анық жеткізіп, әңгімелей білуге үйрету.	Сенсорика Тақырыбы: Жемістерді жинаймыз Мақсаты: Балаларға жемістер туралы түсінік беру. Жемістердің пішінін, түсін және қасиетін айта білуді үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: Күзгі еңбек. Мақсаты: Балаларға күзгі еңбек туралы түсіндіру. Үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу	Сурет салу Тақырыбы: Менің үйім Мақсаты: Балаларға үй тұрғызу және үйдің құрлысы туралы түсінік бере отырып, сурет салуға қызығушылық таныту Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша
Менің көшем 2-апта 7—11.10	Дене шынықтыру Мақсаты: Сапқа тұру, әр түрлі бағытта жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша шашыраңқы жүгіру жай	Көркем әдебиет Тақырыбы: Бағдаршам өлеңі. С.Дүкенбай. Мақсаты: Өлеңді түсініп, есте сақтауға, мағынасын	Құрастыру Тақырыбы: Біздің көшедегі екі қабатты үй. Мақсаты: Балалардың үйлер туралы түсініктерін	Сурет салу Сурет.Трафаретпен жұмыс Тақырыбы: «Көше шамдары» Мақсаты: Балаларға көше шамдарының не үшін керек екенін түсіндіре отырып,

	жүруге ауыса отырып, өз орындарына тұру. Допты тура лақтыра білуге үйрету 2. Мақсаты: Шеңбер бойымен жүруге, белгіні дұрыс түсіне білуге, жіппен жасалатын даму жаттығуын дұрыс орындауға үйрету. Керілген жіптің астынан еңбектеп өту. 3. Мақсаты: Шеңбер бойымен жүруге, белгіні дұрыс түсіне білуге, жіппен жасалатын даму жаттығуын дұрыс орындауға үйрету. Керілген жіптің астынан еңбектеп өту.	ашып түсіндіру. Өлең жолдарының бір шумағын жаттату.	калыптастыру. Үлкен құрлыс жұмыстарын жасау қабілеттерін арттыру. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: Көшедегі күзгі ағаштар. Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру. Күз мезгіліндегі ағаштардың қасиеті туралы түсіндіру.	дәстүрден тыс суретсалудың трафарет әдісімен суретсалуды үйрету. Музыка Педагог жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы: Анамның қолшатыры Мақсаты: Балаларға қолшатыр туралы түсінік беру. Қолшатыр не үшін қажет екенін түсіндіру.
Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік 3- апта 14-18.10	Дене шынықтыру Мақсаты: Бірбағытпен гимнастикалық орындық үстінен тұзу жүре білуге үйрету. Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру. Мақсаты: Бірбағытпен гимнастикалық орындық үстінен тұзу жүре білуге үйрету. Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру. 3. Мақсаты: Екі жіп арасынан тұзу жүруге үйрету. «Жаңбыр тоқтады, - дейді педагог, - күн жарқырап шықты, бірақ айнала шалшық. Аяғымызды сулап алмас үшін, жолдың үстімен ғана жүреміз»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мен тәртіпті баламын» (өлең) Өтебай Тұрманжанов Мақсаты: балаларды өлеңнің мазмұнын тыңдап, тәрбиеші айтқан дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру. Дидактикалық ойын: «Не істеу керек?»	Сенсорика Тақырыбы: Ұзын, қысқа. Мақсаты: «ұзын», «қысқа» ұғымдарымен таныстыру, беттестіру /бетіне қою/ әдісі арқылы ұзындықты салыстыруға үйрету, сондай-ақ заттармен тәжірибелік әрекет барысында ұзындық туралы білімдерін қолдана білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Абайла, балақай!» Мақсаты: балаларға көшедегі қауіпсіздік туралы мультфильм көрсету. Дидактикалық ойын: «Ойлан, тап!»	Сурет салу Тақырыбы: «Ұзын, қысқа жолдар» Мақсаты: оңнан солға қарай тұзу сызықтар сызуды жалғастыру, қарындашпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Дидактикалық ойын: «Жолдан өтейік» Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша
Алтын күз	Дене шынықтыру 1.Мақсаты:	Көркем әдебиет Тақырыбы: Алтын күз	Құрастыру. Тақырыбы : Кірпіге алма	Сурет салу Тақырыбы: Жау-жау , жаңбыр (дайын

4-апта 21-25.10	Екі жіп арасынан түзу жүруге үйрету. «Жаңбыр тоқтады, - дейді педагог, - күн жарқырап шықты, бірақ айнала шалшық. Аяғымызды сулап алмас үшін, жолдың үстімен ғана жүреміз» 2.Денешынықтыру. 1.Мақсаты: Шағын топпен бір-біріне кедергі жасамай жүгіру; жүгіру. Еденде жатқан лентадан аттап өтуге үйрету 3.Денешынықтыру Мақсаты: Шағын топпен бір-біріне кедергі жасамай жүгіру; жүгіру. Еденде жатқан лентадан аттап өтуге үйрету	Мақсаты:Күз туралы білімдерін дамыту. Күз туралы тапқақтар айта отырып баланың сөйлеу тілін дамыту.	сыйлаймыз. Мақсаты: Балалардың кірпі туралы білімін кеңейту. Балалардың танымдық қабілетін дамыту. Жаратылыстану Тақырыбы: Жемістер мен көкөністер Мақсаты. Балаларға жемістер-дің, көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсіндіру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, баланың тілін дамыту	үлгідегі бұлттың астына) Мақсаты: Тік сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру. Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» Музыка Педагог жоспары бойынша Жапсыру Тақырыбы: Күзгі бұлт" Мақсаты: Балаларға бұлт оның қасиеті туралы түсінік беру. Қиылған бұлттарды жоғары төмен жапсыра білу.
5 апта <u>28- қазан- 01 қараша</u>	1.Дене шынықтыру Мақсаты: Алаңның бір шетіне доптың артынан баячу жүру.бір орнында тұрып қос аяқпен секіру. Қимылды ойын «Бақшадағы көңілді доптар» 2.Дене шынықтыру Мақсаты:Жіптің бойымен жүру. Лентамен еденде 10 см қашықтықта (екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру. Қимылды ойын: «Жолыңмен жүр» 3.Дене шынықтыру 2.Жіптің бойымен жүру. Лентамен еденде 10 см қашықтықта (екі арқаннан тұратын	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:Мысық Мақсаты: Үй жануарлары жайында әңгімелесі арқыл балалардың түрлі әрекеттегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеулерін дамыту	Сенсорика Тақырыбы:Көкөністер Мақсаты:дөңгелекті сопақшадан ажырата білуді үйрету. Міндеттері:сәйкес пазылдарға пішіндіорналастыра отырып, дөңгелекті («қызанақ»)сопақшадан («қияр») ажырата іріктеуге үйрету; жазықтықта үлкен көлемді геометриялықпішіндерді салыстыра білуге: «қияр» – сопақша, «қызанақ» – дөңгелек; бойынша салыстыруды, көзбен мөлшерлеуді дамыту; қолдың ұсақ моторикасынжетілдіру.Ұқып ылыққа тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: Балабақшадағы әдемі бояулар Музыка Тақырыбы: «Бесік жыры» .Музыка Тақырыбы: «Бесік жыры»

	жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру. Қимылды ойын: «Жолыңмен жүр» .		. 1.Жаратылыстану Тақырыбы:Құстар Мақсаттары:а) Құстарға (торғай, көгершін, қарға) тән ерекшеліктермен таныстыру; дене мүшелерін бір-бірінен ажырату және атауларын атай білу, олардың мінез-құлықтарын сипаттау қабілетін дамыту. ә) Балалардың білуге деген құштарлығын, есте сақтау қабілетін, зейінін, сөйлеу қабілетін дамыту. б) Құстарға қамқорлық жасауға, оларды аялай білуге үйрету.	
--	--	--	---	--

Қараша айы 2019 ж

Өтпелі тақырып: «ДЕНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ»

Мақсаты: Балаларға денсаулық сақтау, шынығу және дәрмендердің адам ағзасына пайдалы екенін түсіндіру. Таза жүру, жеке бас гигиенасын сақтау ережесін үйрету.

Міндеттері:

- шынықтыру-сауықтыру шаралары арқылы балаларды мықтылыққа, шымырлықа тәрбиелеу, дербес қимыл белсенділігін дамыту;
- дұрыс тамақтану жолдарын насихаттау арқылы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;
- әңгімелеу, қызықты ойындар ұйымдастыру арқылы балалардың ертегі және шағын әңгімелердің мазмұнын түсінуіне ықпал жасау;

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25; Музыка – 1,5
Өзім туралы 1-апта 4-8 қараша	Дене шынықтыру Мақсаты: Қатарда жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, жай жүгіруге, тоқтап қайта жүгіруге, допты мақсатты домалатуға үйрету. Жалпы дамыту жаттығуларын дұрысүйрету, негізгі қимыл түрлерін дамыту. 2. Мақсаты: Қатарда жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, жай жүгіруге, тоқтап қайта жүгіруге, допты мақсатты домалатуға үйрету. Жалпы дамыту жаттығуларын дұрысүйрету, негізгі қимыл түрлерін дамыту. 3. Мақсаты: Сапта бір-берлеп, заттар арасымен жүруге, жүгіруге үйрету. Жалпы дамыту жаттығуларын орындауға үйретуді жалғастыру, қол-аяқ қимыл-қозғалысы үйлесімділігін арттыру. Ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсіндіру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Мен кімін? Мақсаты: Өзі туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; өзін құрметтеуге және өзінің «мен өзім» деген дербестігін нығайту, өзін құрметтеуге тәрбиелеу.	Сенсорика Тақырыбы: «Мен сияқты жаса» Мақсаты: 3 түсті, көлемі әр түрлі текшелерден пирамида құрастыру. Үстел-үсті ойыны: «Пирамида» Жаратылыстану Тақырыбы: «Мен өзім туралы не білемін?» Мақсаты: Балаларға адамның дене мүшелерін атауға үйрету (басы, қолы, аяғы, көзі, мұрны, аузы, құлағы және т.б. бар).	Сурет салу Тақырыбы: «Менің моншақтарым» Мақсаты: Сызықтар жүргізу арқылы дөңгелектерді бір-біріне қосуды үйрету. Үстел-үсті ойыны: «Моншақтарды тізбекте» Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша

Дұрыс тамақтану Дәрумендер 2-апта 11-15 қараша	Дене шынықтыру Мақсаты: Сапта бір-берлеп, заттар арасымен жүруге, жүгіруге үйрету. Жалпы дамыту жаттығуларын орындауға үйретуді жалғастыру, қол-аяқ қимыл-қозғалысы үйлесімділігін арттыру. Ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсіндіру. 2. Мақсаты: Сапта екуден қол ұстасып жүру, бытырай жүгіруге және шеңберден шеңберге аттауға үйрету. Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауға үйрету, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін арттыру. Ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсіндіру 2. Мақсаты: Сапта екуден қол ұстасып жүру, бытырай жүгіруге және шеңберден шеңберге аттауға үйрету. Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауға үйрету, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін арттыру. Ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсіндіру	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жемістер жыры» (өлең) Рза Қунақова Мақсаты: Өлеңді тыңдай білуге, қайталап айтуға үйрету. Жемістерді (алма, өрік, қара өрік, шие) атау барысында балалардың сөздік қорын жетілдіру. Ойын жаттығу: «Жемістерді ата»	Құрастыру Тақырыбы: «Жемістер натюрморты» Мақсаты: Балаларға натюрморт туралы түсінік беру. Қиынды суреттерден өздеріне таныс жемістер натюрмортын құрастырып үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: Дәрумендер әлеміне саяхат Мақсаты: Балаларға жемістердің, көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсіндіру.	Сурет салу Тақырыбы: Дәмді алмалар Мақсаты: Трафареттің көмегімен алманы парақ бетіне дұрыс түсіре білуге үйрету. Музыка Педагог жоспары бойынша Аппликация Тақырыбы: «Ыдыстағы көкөніс» Мақсаты: Дөңгелектің ішіне кішкентай көлемді сопақша пішіндерді орналастыра білуге үйрету. Қимылды ойыны: «Қияр мен қызанақ жинау»
Өзіңе және өзгелерге көмектес 3- апта 18-22 қараша	Дене шынықтыру 1.Мақсаты : Кегельдер арасымен допты көтеріп жүру. Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру. 2. Мақсаты : Кегельдер арасымен допты көтеріп жүру. Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақты шомылдырайық » Мақсаты: Балаларды қуыршақ пен ойнай отырып сөйлеуге, дене мүшелерін атауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Киімнің сәйкесін тап»	Сенсорика Тақырыбы: Күшікке көмек Мақсаты: Пішіндерді пайдалана отырып, күшікке үйшік жасауды үйрету. Пішіндерді және түстерін атай білу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Өсімдіктерге күтім жасау»	Сурет салу Тақырыбы: «Торғайларға жем шашамыз» Мақсаты: Фломастер, қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйрету. Дидактикалық ойын: «Торғайды тамақтандыр»

	3. Мақсаты: Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру. Допты қос қолдап лақтыру.		Мақсаты: Өсімдіктерге күтім жасауға баулу, тәрбиешінің суару тәсіліне назар аудару. Дидактикалық ойын: «Гүлді құрастыр»	Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша
Біз күштіміз, ептіміз 4-апта 25-29 қараша	Дене шынықтыру 3. Мақсаты: Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру. Допты қос қолдап лақтыру. 2. Мақсаты: Гимнастикалық орындық үстінде түзу жүру, қолын белге ұстау. Құм салынған қапшықты себетке тура лақтырып салу. 3. Мақсаты: Гимнастикалық орындық үстінде түзу жүру, қолын белге ұстау. Құм салынған қапшықты себетке тура лақтырып салу.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шалқан» (орыс халық ертегісі) Саусақ театры арқылы сахналау. Мақсаты: Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын қызығушылықтарын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Кейіпкерлерді ата»	Құрастыру Тақырыбы: «Үй саламыз» Мақсаты: Балаларды құрылыс блоктарымен үй жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру. Ойын жаттығу: «Түсін ата» Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғаттағы еңбек» Мақсаты: Ауладағы ересектердің еңбегіне қызығушылықтарын дамыту. (Суреттер арқылы)	Сурет салу Тақырыбы. «Еңбек құралдары» Мақсаты: Балаларға еңбек құралдары туралы түсінік бере отырып, топқа бөлу арқылы трафарет көмегімен еңбек құралдарын қағаз бетіне дұрыс түсіруін қадағалау. Музыка Педагог жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы: «Футбол добы» Мақсаты: Ермексазды домалақтау әдісі арқылы доп жасауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Күшті доптар»

Желтоқсан 2019 жыл
Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Мақсаты: Балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, олардың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал жасау. Туған өлкелерінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- Астана қаласымен, мемлекеттік рәміздермен және еліміздің Тұңғыш Президентімен таныстыру;
- туған жерге деген мақтаныштарын, қызығушылықтарын ояту;
- балаларды тыңдаған әңгімелер мен тақпақтардың мазмұнын тыңдай білуге және түсінуге үйрету.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25; Музыка – 1,5
«Жайнай бер Қазақстаным» 1-апта 2-6 желтоқсан	Дене шынықтыру 2. Мақсаты: Бағытты өзгерте отыра жүру, әр түрлі бағытта жүгіру. Жіңішке арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру 3. Мақсаты: Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру. Арқанның астымен еңбектеп өту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің Отаным» Мақсаты: Балаларға туған жер, Отан туралы түсінік беру. Өз Отанын сүйуге жетелеу.	Сенсорика Тақырыбы: Байтерек Мақсаты:Қиылған суреттерді құрастыруға үйрету. Шыққан бейненің атауын түсіндіру. Жаратылыстану Тақырыбы:Туған өлке Мақсаты: Туған өлке туралы мәлімет беру. Туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту	Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша
«Туған өлкем» 2-апта 9-13 желтоқсан	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Мақсаты: Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру. Арқанның астымен еңбектеп өту 2.Мақсаты: Шағын топқа бөлініп жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдік сақтап жүру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: Біз бақытты баламыз Мақсаты: «Бақыт», «қуаныш», «сүйіспеншілік» құндылықтарының мағынасын түсіндіру. Балалардың дүниетанымын, ой-өрісін дамыту	Құрастыру Тақырыбы: Достық үйі Мақсаты: Конструктор дан ғимарат құрастыра отырып, бөлшектерді ұқыпты құрастыру дағдыларын бекіту. Жаратылыстану Тақырыбы:. Туған жердің	Сурет Тақырыбы: Мерекелік шарлар Мақсаты: Балаларға тәуелсіздік туралы түсінік бере отырып, мерекеге арналған шарлар сауды үйрету. Музыка Педагог жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы: Автобус Мақсаты: Балаларға көлік туралы түсінік

	Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыру. 3. Мақсаты: Шағын топқа бөлініп жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдік сақтап жүру. Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыру.		табиғаты Мақсаты: Туған жердің табиғатына деген қызығушылықтарын ояту. Тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді бақылай білуге жетілдіру.	беру. Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, автобустың мүсінін жасауға үйрету
«Астана-Отанымыз-дың жүрегі» 3-апта 16-20 желтоқсан	Дене шынықтыру 1.Мақсаты: Кеглилер арасымен допты көтеріп жүру. Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру. 2.Мақсаты: Бір бағытта шеңбер бойымен жұптасып жүру. Доға астынан допты домалатып өту.		Сенсорика Тақырыбы: «Пирамида» Мақсаты: Балаларға пирамида туралы түсінік бере отырып, түстері бойынша пирамида құрастыруды үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Астана-бас қалам» Мақсаты: Астана туралы білімдерін қалыптастыру. Өз елінің рәміздеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу	Музыка Педагог жоспары бойынша
«Тәуелсіз Қазақстан 4-апта 23-27 желтоқсан	Дене шынықтыру 1. Мақсаты: Кеглилер арасымен допты көтеріп жүру. Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру. 2.Мақсаты: Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру. Допты қос қолдап лақтыру. 3. Мақсаты: Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру. Допты қос қолдап лақтыру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Туған өлке» Ө.Тұрманжановтың Мақсаты.Өлеңді зейін қойып тыңдауға үйрету. Өлең жолдарының мағынасын түсіндіру.	Құрастыру Тақырыбы: «Үй және қақпа» Мақсаты: Балаларды құрылыс блоктарымен үй жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыра алуға дағдыландыру. Ойын жаттығу: «Түсін ата» Жаратылыстану Тақырыбы:БіздіңРәміздер Мақсаты: Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін кеңейту, берілген сұрақты тыңдау және оны түсіне білуді жетілдіру.	Сурет салу Тақырыбы: Күлімде күн (ұжымдық жұмыс) Мақсаты:Алақанмен сурет салу қабілеттерін бекіту. Күннің шуақтарын түсіне сәйкестендіре жылдам басып салуға үйрету. Күн шуағын әсем бейнелей отырып, табиғатты аялау тәрбиелеу. Музыка Педагог жоспары бойынша Аппликация Тақырыбы: Әдемі жалаушалар Мақсаты: Жалаушалардың қолдану қасиеттері туралы түсіндіру. Мерекелерде

				сәндеу жұмыстарында қолданылатын жалаушаларды көрсете отырып, қиылған дайын жалаушаны қағаз бетіне ұқыпты жапсыруға үйрету Қауіпсіздік ережелерін ескерту.
«Туған өлкем» 5 апта 30.12-3.01	1.Денешынықтыру Мақсаты: Кегдилер арасымен допты көтеріп жүру. Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру.	1..Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің Қазақстаным Мақсаты Балаларға отан,Тәуелсіз Қазақстанымыз жайлы мағлұмат беру. Отанын,елін шексіз сүюге тәрбиелеу, еліміздің рәміздерін құрметтеуге баулу.		1. Сурет салу Тақырыбы: «Пирамида» Мақсаты: Балаларға пирамида туралы түсінік бере отырып, трафарет арқылы сурет салуды үйрету. Қолданылатын көрнекі құралдар: түрлі түсті карандаштар. Үлгі 2.Музыка Педагог жоспарымен

2019 жыл Қаңтар айы
Өтпелі тақырып: «ТАБИҒАТ ӘЛЕМІ»

Мақсаты: Балалардың тірі, өлі табиғат және жыл мезгілдері құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- дидактикалық ойындар ұйымдастыру арқылы балаларды өсімдіктерді атап, көкөністер мен жемістерді ажыратып айта білуге үйрету;
- қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауға баулу;
- эстетикалық қабылдауларын, түрлі сенсорлық әсерлерін дамыту.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25; Музыка – 1,5
Айналамызд ағы өсімдіктер 1-апта 6-10 қаңтар	Дене шынықтыру 1.Мақсаты: Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу. Жиектері шектелген тура жолақпен жүру. 2.Мақсаты:) Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу. Жиектері шектелген тура жолақпен жүру. 3. Мақсаты: Алға қарай ұмтыла затқа дейін екі аяқтап секіру. Доға астынан нысанаға дейін еңбектеу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ғажайып қыс» Мақсаты: Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.	Сенсорика Тақырыбы: Үлкен-кіші шыршалар. Мақсаты: Шыршаларды өлшемі бойынша салыстыруды және оларды үлгідегідей орналастыруды үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қар қасиетімен танысу» Мақсаты: Қардың бақылау, оның ақ және үлпілдек екенін көрсету, қардың қасиетімен таныстыру.	Сурет салу Тақырыбы. «Қысқы ағаштар келбеті» Мақсаты:. Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен таныстыру. Қырыққабат жапырағынан қысқы ағаш келбетін қағаз бетіне түсіру Музыка Педагог жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы: «Шырша» Мақсаты: Балаларды мүсіндеудің әдісін үйрете отырып, шырша жасауға үйрету.
Жануарлар әлемі 2-апта 13-17 қаңтар	Дене шынықтыру 1. Мақсаты: Алға қарай ұмтыла затқа дейін екі аяқтап секіру. Доға астынан нысанаға дейін еңбектеу. 2.Мақсаты:	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» (ертегі) Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсінуге және кейіпкерлерді атай білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Үйін тап»	Құрастыру Тақырыбы: «Күшік» Мақсаты: Дьенеш блоктары арқылы конструкторлардан күшік бейнесін құрастыру	Сурет салу Тақырыбы: Қардағы іздер Мақсаты: Парақ бетіне бояу жағу арқылы дақ түсіруге үйрету. Дидактикалық ойын: «Іздерді ата» Музыка Педагог жоспары бойынша

	Шеңбер бойымен қолдарымен әртүрлі қалыптар жасай жүру. Доптарды бір-біріне домалату. 3.Мақсаты: Шеңбер бойымен қолдарымен әртүрлі қалыптар жасай жүру. Доптарды бір-біріне домалату.		Жаратылыстану Тақырыбы: «Үй жануарлары және оның төлдері» Мақсаты: Үй жануарлары мен оның төлдерімен таныстыру. Атауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Төлін тап»	Музыка Педагог жоспары бойынша
Құстар-біздің досымыз 3- апта 20-24 қаңтар	Дене шынықтыру 1.Мақсаты: Шағын топқа бөлініп, бағытты өзгертіп жүру. 20 см арақашықтықта орналасқан таспалардан аттап өту. 2.Мақсаты: Шағын топқа бөлініп, бағытты өзгертіп жүру. 20 см арақашықтықта орналасқан таспалардан аттап өту. 3. Мақсаты: Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру (ені 25 см, бір басы 15 см көтерілгенде). Допты екі қолмен төменнен лақтыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Құстар біздің досымыз Мақсаты: Балаларға құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстарға қамқорлық жасауды түсіндіру.	Сенсорика Тақырыбы: «Тауық және оның балапандары» Мақсаты: Түсі әр түрлі заттарды көлемі бойынша орналастыру және түстерін атай білуге үйрету. Үстел-үсті ойыны: «Балапан құрастыру» Жаратылыстану Тақырыбы: «Құстар» Мақсаты: Құстарды ажыратып, атай білуге үйрету. (Торғай, қарға, көгершін) Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты»	Сурет салу Тақырыбы: «Суық торғай» Мақсаты: Суық торғайдың қысқы тіршілігін түсіндіре отырып, трафарет көмегімен қағаз бетіне торғайды ұқыпты түсіре білу. Музыка Педагог жоспары бойынша Аппликация Тақырыбы: «Балапан» Мақсаты:Балаларға балапанның түсін, дене құрлысын түсіндіру. Қағазға салынған дайын бейненің үстіне қиылған бөліктерді дұрыс жапсыра білу.
Ғажайып қыс 4-апта 27-31 қаңтар	Дене шынықтыру 1.Мақсаты:) Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру (ені 25 см, бір басы 15 см көтерілгенде). Допты екі қолмен төменнен лақтыру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: « Сырғанақ» Мақсаты:Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгіліндегі ойын түрлерімен таныстыру. Өлең жолдарын оқи отырып, қандай ойын түрі суреттелгенін түсіндіру	Құрастыру Тақырыбы: «Шырша ойыншықтары» Мақсаты:Балаларға қиылған қағаз бөліктерінен шыршалар құрастыруды үйрету. Төменнен жоғары қарай құрастыра отырып, жуан-жіңішке ұғымдарын үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: Жапалақтап қар жауды Мақсаты: Қағазға саусақ арқылы қардың суретін салуға үйрету. Балалардың саусақ бұлшық еттерін дамыту. Қимылды ойын: «Қар жинаймыз» Музыка Педагог жоспары бойынша

	2. Мақсаты:) Белгі бойынша шашырап жүгіру. Арқанның астымен еңбектеу. 3. Мақсаты: Белгі бойынша шашырап жүгіру. Арқанның астымен еңбектеу.		Жаратылыстану Тақырыбы: Қысқы ойындар Мақсаты: Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік бере отырып, қысқы ойын түрлерін түсіндіру.	Музыка Педагог жоспары бойынша
--	---	--	---	---

Ақпан айы
Өтпелі тақырып: «БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ»

Мақсаты: Балалардың өздерін қоршаған орталары туралы түсініктерін кеңейту, танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

- қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие бала тұлғасын дамыту;
- адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет таныту сезімдерін жетілдіру;
- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25; Музыка – 1,5
Ғажайыптар әлемі 1-апта 3-7ақпан	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Мақсаты: Шашырап жүгіру. Еденде 10-20 см қашықтықта (екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру. 2.Мақсаты: Шашырап жүгіру. Еденде 10-20 см қашықтықта (екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру. 3.Мақсаты: Гимнастикалық орындық үстінен жүріп өту. Секіртпеден секіру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көңілді қыс. Ш. Мұхамеджанов.Сенің өмірің – сиқырлы әлем кітабынан» Мақсаты: Өлең жолдарын мәнерлеп оқи отырып, балаларға мағынасын түсіндіру. Қойылған сұрақтарға жауап бере білуге дағдыландыру.	Сенсорика Тақырыбы: «Ғажайып күн шуағы» Мақсаты: Дайын үлгідегі дөңгелек пішіннің ішіне, күннің шуағын орналастыру. Түсін, пішішінін ажыратып айтуға үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Сумен тәжірибе жүргізу» Мақсаты: Судың мөлдір екенін, бірақ оның кез-келген түске бояуға немесе ластауға болатынын көрсету. Дидактикалық ойын: «Не өзгерді?»	Сурет салу Тақырыбы: Аққала бізде қонақта. Мақсаты: Қысқы ойындар туралы әңгімелей отырып, геометриялық пішіндерді пайдаланып, аққаланы салу жолдарын көрсету. Үлкен-кіші дөңгелектерді рет-ретімен дәстүрден тыс бастыру әдісі арқылы, аққаланы бейнесін салу. Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша
Көліктер 2-апта 10-14 ақпан	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Мақсаты: Гимнастикалық орындық үстінен жүріп өту. Секіртпеден секіру. 2.Мақсаты:	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Поезд» (өлеңі) Мақсаты: Өлеңді мұқият тыңдауға, мазмұнын түсінуге үйрету, балалардың поезд дыбысына еліктеп у-дыбысын созып, қимыл	Құрастыру Тақырыбы: «Трамвай» Мақсаты: Құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып жасауға үйрету. Олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру.	Сурет салу Тақырыбы: Машинаның дөңгелектері Мақсаты: Дәстүрден тыс тәсілді (тығын) қолдана отырып машина дөңгелегінің суретін салуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Үлкен және кішкентай»

	Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиіктері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. 3. Мақсаты: Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиіктері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.	әрекеттерін жасап, айтуға үйрету. Қимылды ойын: «Поезд»	Дидактикалық ойын: «Суреттің сыңарын тап» Жаратылыстану Тақырыбы: «Көліктер» Мақсаты: Балаларға көліктер туралы білім беру. Атауларын дұрыс атауға үйрету	Музыка Педагог жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы: «Ұшақ» Мақсаты: Екі бөлік ермексаз кесектерін алақан арасында дөңгелектеу. Екінші бөлігін төртбұрыш, үшбұрыш бөлуге үйрету.
Электроника әлемі 3- апта 17-21 ақпан	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Мақсаты: Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиіктері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. 2.Мақсаты: Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиіктері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. 3. Мақсаты: Әр түрлі бағытта жүруден жүгіруге ауысу. Шеңберден шеңберге аттау.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Телефон» (өлең) Корней Чуковский Мақсаты: Кейіпкер бейнесін сомдауда, түсінікті сөйлеуде, мәнерлі дауыс ырғағы арқылы сөйлеуін дамыту. Электроника туралы түсініктерін кеңейту.	Сенсорика Тақырыбы : Үлкен кіші тоңазытқыш Мақсаты: Тоңазытқыш түрлерімен таныстыру, үлкен-кіші ұғымын үйрете отырып, қима суреттерден тоңазытқыштар құрастыру. Жаратылыстану Тақырыбы: Тақырыбы: Электроника деген не? Мақсаты: Балалардың үй тұрмысындағы заттарды, олардың қасиеттерін-қарапайым пішінін, көлемін танып атауға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Теледидар» Мақсаты: Шаршы пішінді заттардың суретін салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын дамыту, Ұқыптылыққа тәрбиелеу Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша
Мамандықтың бәрі жақсы 4-апта 24-28 ақпан	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Мақсаты: Әр түрлі бағытта жүруден жүгіруге ауысу. Шеңберден шеңберге аттау. 2. Мақсаты: Допты алға домалату, қуып жету. Бір сызықтан қос аяқпен секіру. 3. Мақсаты: Допты алға домалату, қуып жету.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Дәрігер Айболит» (ертегі мультфильмін көрсету) Мақсаты: Балаларды мейрімділікке, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынасын білдіруге талаптандыруды жалғастыру. Лото ойыны: «Топтастыр»	Құрастыру Тақырыбы: «Машина» Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға олардың түсін пішінін көлемін ажыратуға үйрету. Қимылды ойын: «Жүргізуші» Жаратылыстану	Сурет салу Тақырыбы: Ғарышкер зымыраны Мақсаты: Балалардың ғарыш туралы түсініктерін кеңейту. Зымыран оның құрысы тура-лы айту, геометриялық пішіндерді сәйкестендіре отырып, бейнені қағаз бетіне түсіру дағдыларын бекіту. Еңбектенуге, шығармашылыққа тәрбиелеу. Музыка Педагог жоспары бойынша

	Бір сызықтан қос аяқпен секіру.		Тақырыбы: «Бұл мұғалім апай» әңгіме Мақсаты: Балаларға мұғалім мамандығы және оның қай жерде жұмыс жасайтыны туралы түсінік беру. Әңгіменің мазмұнын түсіндіру.	Аппликация Тақырыбы: Тоңазытқыш Мақсаты: Балаларға тоңазытқыш және оның қасиеті туралы түсінік беру. Пішіні мен бөліктерін дұрыс орналастыра отырып, жапсыруды үйрету.
--	---------------------------------	--	--	---

Наурыз айы
Өтпелі тақырып: «САЛТТАР МЕН ФОЛЬКЛОР»

Мақсаты: Қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ұлттық мерекелер туралы туралы түсініктерін кеңейту және дамыту;
- шығармашылық білім беру саласы бойынша балаларды ұлттық өнерге, салт-дәстүрлерге баулу;
- ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25; Музыка – 1,5
Қазақсан халқының салттары мен дәстүрлері 1-апта 2-6 наурыз	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Мақсаты: Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру. Арқанның астымен нысанаға дейін еңбектеу. 2.Мақсаты: Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру. Арқанның астымен нысанаға дейін еңбектеу. 3.Мақсаты: Қос аяқтап секіру біліктерін жетілдіру, қимыл үйлесімділігін дамыту Допты 1 м қашықтықтағы қақпаға домалату.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Киім дүкені» Мақсаты: Балаларды ұлттық киім түрлерімен таныстыру, ұл мен қыздың киімін ажырата білуге үйрету.	Сенсорика Тақырыбы: «Әжемнің сақинасы» Мақсаты: Балаларда заттық – жабдықтық әрекетті қалыптастыру: таяқтың көмегімен түрлі –түсті сақиналарды кигізу арқылы пішішін айта білу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қуыршақ Айарудың камзолы» Мақсаты: Ұлттық киім ерекшеліктерімен таныстыру. Балаларды әңгімелеуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: Орамалды безендіру Мақсаты: Қағазға бастырмамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, Орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету. Балаларды әсемдікті көре білуге тәрбиелеу. Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша
Ертегілер елінде. Театр әлемі	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Мақсаты: Қос аяқтап секіру біліктерін жетілдіру, қимыл үйлесімділігін	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қасқыр мен жеті лақ» (ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналау) Мақсаты: Балаларды ертегі	Құрастыру Тақырыбы: «Ертегі құсы» Мақсаты:Балаларға ертегілер ғажайыбы туралы түсіндіре отырып, ертегідегі құс	Сурет салу Тақырыбы: Ертегідегі бауырсақ Мақсаты: Ертегіге шолу жасай отырып, бауырсақтың пішінін, түсін түсіндіру. Домалақ пішінді қағаз бетіне түсіруді

2-апта 9-13 наурыз	дамыту Допты 1 м қашықтықтағы қақпаға домалату. 2.Мақсаты: Аңғарымпаздығы мен зейінін дамыту. Ойын ережесін сақтап ойнауға үйрету жі жалғастыру Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдік сақтап жүру. 3. Мақсаты: Аңғарымпаздығы мен зейінін дамыту. Ойын ережесін сақтап ойнауға үйрету жі жалғастыру Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдік сақтап жүру.	тыңдауға және әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарына талдау жасауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Кейіпкерлерді ата»	бейнесін құрастыру. Жаратылыстану Тақырыбы: Үш аю Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін талдау, әңгімелеу. Дидактикалық ойын: «Төлін тап»	қадағалау. Музыка Педагог жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы: Қуыршақтың көйлегіне түйме. Мақсаты: балаларға түйменің пішіні туралы айта отырып, алақанда домалақтау әдісі арқылы түйме жасауды үйрету
Өнер көзі халықта 3- апта 16-20 наурыз	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Мақсаты: Еденде жатқан заттан секіру . Алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіріп бару Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, Жолмен жалаушаға дейін еңбектеу. 2.Мақсаты:) Еденде жатқан заттан секіру . Алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіріп бару Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, Жолмен жалаушаға дейін еңбектеу. 3. Мақсаты:: Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Наурыз мейрамы» Мақсаты: Балаларға наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Наурыз мерекесінің ерекшеліктерін түсіндіру.	Сенсорика Тақырыбы: «Құмыралар» Мақсаты: Аз, көп, артық, кем, сонша ұғымдарымен салыстыру. Көлемін анықтауға, зерттеуге үйрету. Қимылды ойын: «Сандыққа жина» Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің асықтарым» Мақсаты: Асықтар және оның түрлерімен, түстерімен таныстыру. Дидактикалық ойын: «Ұяшықтарға орналастыр»	Сурет салу Тақырыбы: «Әжемнің жіп шумақтары» Мақсаты: Балаларды түрлі-түсті фломастермен жіп орамының суретін салуға фломастерді қатты қыспай қағаздың ортасынан бір нүктені белгілеп, сол жағынан жоғарыдан бастап қолды үзбей дөңгелетіп салуға үйрету. Ойын жаттығу: «Ұршыққа жіптерді ора» Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша

Нұр төккен, гүл көктем 4-апта 23-27 наурыз	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) .Мақсаты: Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу.		Құрастыру Тақырыбы: «Гүлдер» Мақсаты:Дыенеш блоктары арқылы көктем мезгіліндегі гүлдерді (сирен) құрастыру. .	Аппликация Тақырыбы: Оюланған кесе Мақсаты : Қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен таныстыру. Кесеге ою жапсыруды үйрету.
Нұр төккен, гүл көктем 5 апта 30.03—04.04	1.Денешынықтыру Мақсаты: <i>Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру.</i> 2. Дене шынықтыру. Мақсаты: <i>Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу. рет қайталау/ тізені жоғары көтере жүгіру.</i> 3.Мақсаты: Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Допты алысқа кеуде тұсынан лақтыруды қайталау.	Көркем әдебиет Тақырыбы: Шуақты көктем Мақсаты: Көктем мезгілі туралы балаларға түсінік беру. Көктем мезгілінің табиғат құбылыс-тарын түсіндіру	Сенсорика Тақырыбы:<i>Шыршалар мен саңырауқұлақтар</i> Мақсаты: <i>заттарды түсі бойынша таңдай алуға үйрету. Міндеттері:балалар назарын түстің әртүрлі заттарды бейнелеу үшін қолданылуы мүмкін екеніне аудару; түстері бойынша нысандарды алмастыруды үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу</i> 1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Көктем келді» Суретпен жұмыс. Мақсаты: <i>Көктем мезгілімен, табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсіндіре отырып, қар ериді, ағаштың бүршік жаруы жайында түсініктерін кеңейту</i>	Сурет салу Тақырыбы: «Көктемгі ағаштар» Мақсаты:Балаларға көктем мезгілі туралы түсінік бере отырып, дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілін түсіндіру. Мақта таяқшасы арқылы ағаштарға бүршік салу. Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша

Сәуір айы
Өтпелі тақырып: «БІЗ ЕҢБЕКҚОР БАЛАМЫЗ»

Мақсаты: Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу және еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Олардың сөйлеуін, зейінін және қиялын дамытуға ықпал жасау.

Міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек дағдыларын жетілдіру;
- үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету;
- танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25; Музыка – 1,5
Аялайық гүлдерді 1-апта 6-10 сәуір	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Мақсаты: Бір тізбекпен жүру. Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіру. Арқанның астымен орындыққа дейін еңбектеу. 2.Мақсаты: Бір тізбекпен жүру. Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіру. Арқанның астымен орындыққа дейін еңбектеу. 3.Мақсаты : Допты алдарындағы доғадан домалатып өткізу. Кеглилер арасымен қос аяқпен секіру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Көктем гүлі Мақсаты: Көктем гүлі қызғалдақты таныстыру. Гүлдердің түр – түстерін ажырата білуге баулу. Өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру. .	Сенсорика Тақырыбы: «Түрлі –түсті гүлдер» Мақсаты: Фланелеграфта түрлі-түсті гүлдерді орналастыру барысында «жоғары - төмен», «үстінде-астында» кеңістіктік ұғымдарын үйрете отырып жұмыс жасауға дағдыландыру. Дидактикалық ойын: «Алаңқайды гүлдендір» Жаратылыстану Тақырыбы: Бөлме өсімдіктері. Мақсаты: балаларға бөлме гүлдерінің пайдасы, оларды күту жолдарын түсіндіру.	Сурет салу Тақырыбы: Егістіктегі бақбақтар Мақсаты: Жасыл түсті қағаз бетіне ақ түсті бояумен, мақталы таяқшаны қолдана отырып сурет салуға үйрету. Ойын тапсырма: «Құмыраны құрастыр» Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша
Ас атасы- нан 2-апта 13-17 сәуір	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Мақсаты : Допты алдарындағы доғадан домалатып өткізу. Кеглилер арасымен қос аяқпен секіру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бауырсақ» (орыс халық ертегісі, ертегінің жаңа нұсқасын көрсету) Мақсаты: Ертегіні тыңдауға	Құрастыру Тақырыбы: «Ыстық тоқаш» Мақсаты:Нан түрлерімен таныстыру. Нан үлгісін салынған қиылған қағаздардан құрастыру жұмысын жасай	Сурет салу Тақырыбы: Дастархандағы бауырсақ Мақсаты: (Дәстүрден тыс)Қақпақтармен батыру әдісі арқылы сурет салуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Тәрелкеге бауырсақтарды жина»

	2. Мақсаты: Берілген бағытта әртүрлі қарқынмен жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен жүріп келіп,бір орнында баяу айналу. 3. Мақсаты: Берілген бағытта әртүрлі қарқынмен жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен жүріп келіп,бір орнында баяу айналу.	қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту.	отырып, нан туралы айта білу.	Музыка Педагог жоспары бойынша Мүсіндеу Тақырыбы: Бауырсақ Мақсаттары: Тәрбиелік: Нанды қастерлеуге тәрбиелеу
Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі 3- апта 20-24 сәуір	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Мақсаты: Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Кішкентай допты оң қолдарымен себетке лақтыру. 2.Мақсаты: Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Кішкентай допты оң қолдарымен себетке лақтыру. 3.Мақсаты: Кішкентай доппен кегельдер арасында ирелендеп жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен,қолды белге қойып жүріп өту	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Адасқан құмырсқа» ертегісі Мақсаты: Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету. Достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру.Достыққа тәрбиелеу.	Сенсорика Тақырыбы: «Әдемі көбелектер» Мақсаты: Көбелектерді түстеріне және көлеміне сәйкес іріктеу. Негізгі түстер жайлы білімдерін бекіту. Дидактикалық ойын: «Көбелектер қонады» Жаратылыстану Тақырыбы: «Жәндіктер» Мақсаты: Балаларды жәндіктермен, олардың өзіне тән белгілерімен таныстыру (көбелек, қоңыз). Үстел-үсті ойыны: «Қиынды суреттерді құрастыр»	Сурет салу Тақырыбы: Шөптегі қанқыз Мақсаты:Дайын шөпке трафарет арқылы қанқызын салуды үйрету, Мақта таяқшасы арқылы үстіне дақтар салу. Музыка Педагог жоспары бойынша Музыка Педагог жоспары бойынша
Еңбек бәрін жеңбек 4-апта 27-31сәуір	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Мақсаты: Кішкентай доппен кегельдер арасында ирелендеп жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен,қолды белге қойып жүріп	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алғашқы көмек» (әңгіме) Ж.Бұғыбаев Мақсаты: Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын	Құрастыру Тақырыбы: Пирамида Мақсаты: Балаларға пирамида туралы түсінік бере отырып, үлкен-кіші пирамида құрастыруды үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Қошақандарға шөп береміз» Мақсаты: Жасыл түсті пайдалана отырып шөптердің суретін салуға үйрету. Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу. береміз»

	өту 2.Мақсаты: Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Кішкентай допты оң қолдарымен себетке лақтыру. 3.Мақсаты: Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Кішкентай допты оң қолдарымен себетке лақтыру.	талдауға, оларға баға беруге, өзінің көзқарасын білдіруге үйрету.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Үлкендердің еңбегін бағалау» Мақсаты: Сурет көрсету арқылы үлкендердің еңбегі туралы түсіндіру. Құрметтеуге тәрбиелеу.	Музыка Педагог жоспары бойынша Аппликация Тақырыбы: «Жемсауыт пен ұя» Мақсаты: Жапсыру мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін мүмкіндіктерді кеңейте отырып, оған қызығушылықты тәрбиелеу.
--	--	--	---	--

Мамыр айы

Өтпелі тақырып: «ӘРҚАШАН КҮН СӨНБЕСІН!»

Мақсаты: Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін анықтау, оларды достық сезімге, мейрімділікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

- балалардың топтағы қарым-қатынас дағдыларын анықтау және дамыту;
- достыққа, мейрімділікке жетелейтін іс-шаралар, ойындар т.б. өткізу;
- өз еліне құштарлық сезімдерін ояту, ой-өрісін дамыту.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Аппликация-0,25; Музыка – 1,5
Достық- біздің тірегіміз 1-апта	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Мақсаты: Педагогтың артынан жүру, жүгіру. Шеңберге тұру. Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу. 1. Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу. 2. Еңіс тақтай үстімен жүру. 2. Мақсаты: Педагогтың артынан жүру, жүгіру. Шеңберге тұру. Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу. 1. Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу. 2. Еңіс тақтай үстімен жүру. 3. Мақсаты: Шеңбер бойында қолдарын әртүрлі қалыптармен қимылдар жасай жүру. Орындық астымен еңбектеп өту. 0,5-1,5 метр арақашықтықта	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Түлкі мен тырна» (орыс халық ертегісі) Мақсаты: Балаларға саусақ театры арқылы ертегіге қызығушылықтарын бекіту. Ойын тапсырма: «Құмыра мен тарелке құрастыр»	Сенсорика Тақырыбы: «Ақпыз, қара, сарымыз» Мақсаты: Түрлі түсті пирамидаларды құрастыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру және бекіту (қызыл, жасыл, көк, сары, күлгін, қара, ақ) Дидактикалық ойын: «Пирамиданы жина» Жаратылыстану Тақырыбы: Достық бірлікте Мақсаты: Достық қарым-қатынас туралы түсінік беру. Айнала қоршаған ортаға мейірімді болуға тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: Желбірейді жалау Мақсаты: Балаларға бірлік мерекесі туралы түсінік бере отырып, мерекелерде қолданатын жалауды түсіндіру. Қағаз бетіне кішкентай көк түсті жалауша салуды үйрету. Музыка Педагог жоспары бойынша

	отырған қалыпта доптарды бір-біріне домалату.			
